



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Я есть мой мир», — записывает Витгенштейн. «Не существует никакого внешнего мира. Единственная представляющая интерес вещь — это мир внутри нас и его взаимоотношения с внешним миром. Это выматывает, и это создает Искусство», — говорит Дерек Джармен. [3]

Список использованных источников

1. Запись по фонограмме фильма.
2. Монтень М. Опыты. В 3-х т. Т. 3. - М.- Л., 1954. - С. 359.
3. Дуайер Саймон. Движение Rapid Eye. [электронный ресурс] – Режим доступа: <http://detectivebooks.ru/book/38586967/?page=1>

ОӘЖ: 130.2

«ЭКСПО – 2017» - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРЕТІН МҮМКІНДІК

Дүйсен Нұрсұлтан

mister_dnb@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Мәдениеттану мамандығы 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Оразбаева Д.Е.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды. Ал ЭКСПО көрмесін өткізу – беделімізді асқақтатар тағы бір осындай үлкен шара болмақ. Әрине, төрткүл дүние көз тіккен халықаралық шараны абыроймен өткізу біз үшін зор мақтаныш, биік белес екені сөзсіз. Ендеше, осы ұлы шараны ұялмай өткізер күнге жеткенше асықпыз. «Астанада бүкіләлемдік көрме өтетін болды» деп дүрлігіп жатырмыз. Бірақ, ЭКСПО деген не? Мақсаты мен мұраты нешік? Ауқымы қандай? Оның бізге берері бар ма? Осындай ауқымды шараны өткізу қолымыздан келе ме?..

Өртүрлі елдерде ойлап табылған жаңалықтарды, өнертабыстарды, машиналарды белгілі бір жерге, белгілі бір уақытқа жинақтау, өнеркәсіптік прогрестің барған сайын қарқын ала түскен мүмкіндіктерін паш ету, яғни, халықаралық өнеркәсіп көрмесін ұйымдастыру идеясы осыдан екі ғасырға жуық уақыт бұрын, атап айтқанда 1833 жылы Францияда пайда болды. ЭКСПО-ға болашақтағы келіп қатысушы елдер үшін барлық қажетті жағдайлар жасау міндеті тұр. Және оны астанамыздың бұдан да тартымды, халқымыздың заңды мақтанышы болатындай, сөйтіп Қазақстанның халықаралық көрме қозғалысы тарихына өз парағын жазатындай деңгейде жасау керек. ЭКСПО деген Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымының саммиті немесе Азияда емес. Оның ауқымы да үлкен, жүктейтін міндеті де ауыр.

Парижде өткен Халықаралық көрме бюросының бас ассамблеясында өткен дауыс беру рәсіміне мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың барып қатысуын сан-саққа жүгірткендер де жетерлік. Біздің міндет – соның барлығын жоққа шығарып, бүкіләлемдік көрмені өз деңгейінде ұйымдастырып, өткізу. EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін[1].

Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына елеулі серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны

тартуға мүмкіндік туғызады. EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.

Қазақ елі – өз тәуелсіздігін алған күннен жаһандық күрделі мәселерді көтеріп, шешімін табу үшін алқалы жиындар өткізіп, әлемдік тыныштықты аңсап келе жатқан бірден бір ел. Сондай тарихи оқиғалардың бірі - «ЭКСПО – 2017» көрмесін ел ордасы – Астанада өткізу[2].

Тұңғыш Президент күні қарсаңында, елімізге тамаша тарту болған «ЭКСПО – 2017» дүниежүзілік көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылданып, іргелі елдердің шаһарымен бәсекеге түскен біздің Астанамыз жеңімпаз атанғанын білеміз. Бұл – бүкіләлемдік көрме. Бір жарым ғасырлық тарихы бар көрме ғана емес, техникалық һәм технологиялық жетістіктерді көрсететін мүмкіндік. Ендігісі – оны абыроймен өткізу.

Бұл – қомақты қаржыны ғана емес, кәсіби біліктілікті де талап ететін шара. Францияның астанасы Париж қаласында өткен сессияда 161 мемлекет жасырын дауыс беру арқылы «ЭКСПО – 2017» көрмесі өткізілетін қаланы анықтап, Астана үшін Халықаралық көрмелер бюросына қатысушы 103 ел дауыс берді. Ал, Астанаға басты қарсылас болған Бельгияның Льеж қаласы. 2017 жылы ЭКСПО мамандандырылған көрмесін өткізу құқығының финалдық кезеңінде Льеж қаласы «Адамдарды біріктіре отырып...» деген тақырып ұсынса, Алаш Астанасы энергияның баламалы көздеріне және «жасыл» технологияларға арналған «Болашақтың энергиясы» деген тақырыппен әлем алдындағы мерейімізді үстем еткендігі белгілі. Бұл қуанышты сәт, мерейлі күн болды[3].

Бұл – Тұңғыш Президентіміз, әлемдік дәрежедегі саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үлкен беделінің, даналығының арқасы екендігі даусыз. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауында: «Биыл Астанада «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі өтеді. Мұндай өте маңызды әлемдік деңгейдегі іс – шараны біз ТМД және Орталық Азия елдерінің арасында бірінші болып өткіземіз[4].

Сонымен қатар биылғы жылы Алматыда «Универсияда – 2017» қысқы спорт ойындары өтті. Оған 57 мемлекеттен 2 мыңнан астам спортшы мен делегация мүшелерінің қатысқандығын айта келіп, осының барлығы да Қазақстанның халықаралық аренада жоғары беделге ие болғанын және саясатымыздың дұрыстығын көрсетеді», - деді. «ЭКСПО – 2017» 10 – маусымда басталып, 10 – қыркүйекте аяқталады. Әлем халқы жаңа дәуірге орай жаңа бастамалар легін Астанада өтетін «ЭКСПО – 2017» көрмесінен көретін болады. Көрменің тақырыбы – «Болашақтың қуаты», «Жасыл технологияларды дамыту».

Балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда бұл көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналмақ. Олай дейтініміз, ЭКСПО кезінде әлемнің түкпір – түкпірінен келген жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылумен қатар, жұмыс істеу принциптері көрсетіледі, қала көркейе түседі, біз ұлттық құндылықтарымызды насихаттап қана қоймай, әлемдегі озық технология мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә боламыз. Бағамдап қарағанда, бұл көрме жоғарыда айтқан артықшылықтарымен ерекшеленетінін естен шығармаған жөн! Еліміздің қарқынды дамып, әлем экономикасына өз ықпалын жүргізе алуын қазақ елінің әрбір азаматы қалайтыны анық. Болашақ төртінші биліктің өкілі ретінде мен де еліміздің әр жетістігін насихаттаудан жалықпаймын. Елбасымыз өз сөзінде: «Қазақ елінің болашақ тағдыры жастардың қолында», - деп айтқан болатын. Бүгінгі таңда қазақ жастары елімізде өткен әрбір іс шараға белсенді араласуда. Қазақ даласында өтіп жатқан кез – келген іс – шара – тарих. Біз тарихтың жаңа бетін ашып келе жатырмыз. Өсе бер, өркендей бер Қазақ елі!!![5]

Жұмысты қортындылай келе ЭКСПО-ның тақырыбы біздің елімізде: «Болашақ энергиясы» болмақ. Көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық жетістіктерімен барша жұртты тәнті етеді. Әсіресе, қазіргі таңда сұранысқа ие балама энергия көздерін алу мақсатындағы құрылғылармен таныстырады. Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі. Осыдан, көрменің тақырыбы көпшіліктің

қызығушылықтарын тудырамы анық екені білінеді. «ЭКСПО» көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді.

Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысады. Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес. Оған бірнеше факторлар ықпал еткендігі аян:

Біріншіден, елордамыздың әлемдік-деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды.

Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде-де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі.

Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі.

Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады. EXPO-2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтеді деп жоспарлануда[6].

Халықаралық көрмеде әрбір мемлекет өздерінің павильондарын 25 га жер көлеміне салатын болады. Бұл көрмеге 5 млн.-нан астам адам келеді деп жоспарлануда. Әрбір келген адам 130 \$ ақша әкелетінін ескерсек, бізге түсетін пайда 520–910 млн.-ға дейін жоспарлануда. Демек еліміздің тек экономикалық емес мәдени туристік жағынан да дамиды.

Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз. Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін EXPO-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Айтжанова, Қ. Көрме: жел мен күн һәм шаруа // Орталық Қазақстан. - 2013. - 12 қаңтар (№ 4/5). - 3 б.
2. Амантаев, Ө. Жарты ғасырда - жаһан жаңа: ЭКСПО: 1967-2017 // Орталық Қазақстан. - 2013. - 21 мамыр (№ 79/80). - 3 б.
3. Асқарқызы, М. 66 - шы ЭКСПО: Қызығы - әлемдікі, игілігі - қазақтыкі // Түркістан. - 2013. - 31 қазан (№ 43). - 8 б.
4. Ауқымды көрме айшықтары // Егемен Қазақстан. - 2013. - 16 наурыз (№ 88). - 2 б.
5. Байтілес, Е. Инвестфорум: идеяның игілікке айналар алаңы // Егемен Қазақстан. - 2013. - 21 қараша (№ 258). - 7 б.
6. Жағыпарұлы, Ж. Қазақстан және әлемдік көрме // Егемен Қазақстан. - 2013. - 26 қыркүйек (№ 220). - 4 б.